

Қазақстан Республикасының Түрік Республикасындағы Сауда өкілдігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 қаңтар 1993 ж. N 12

Түрік Республикасында Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі ашылуына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Түрік Республикасындағы Сауда өкілдігінің штаттағы қызметкерлерінің саны жылдық айлықақы қоры 94300 АҚШ доллары сомасындағы 13 адам мөлшерінде бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Түрік Республикасындағы Сауда өкіліне айына 1845 АҚШ доллары мөлшерінде лауазымдық жалақы белгіленсін. <*>

Сауда өкілдігі қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы Сауда өкілінің жалақысына қарай штат кестесіне сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 2-тармақтың бірінші абзацына өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің 18.01.1994 ж. N 71 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне Қазақстан Республикасының Түрік Республикасындағы Сауда өкілдігі қызметкерлерінің штат кестесін бекіту хұқығы берілсін.

4. Сауда өкілдігінің қызметкерлеріне медициналық көмек

көрсету үшін олардың шет ел валютасындағы айлықақысы қорынан 2,5 процент мөлшерінде аударым жасау белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен бірлесіп Сауда өкілдігін ұстауға арналған шығыс сметасын қарап, Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне АҚШ доллары және сом есебімен қажетті мөлшерде қаражат бөлсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК